

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: _____ Амангелді орта мектебі _

Топ/сынып

_____ Мектепалды даярлық сыныбы _____

Балалардың жасы _____ 5-6 жас _____

Жоспардың құрылу кезеңі _____ Наурыз айы 2023-2024 оқу жылы _____

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз айы	Дене шынықтыру 3 сағат	<p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <p>Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар органы құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.</p>
	Сөйлеуді дамыту 2 сағат	<p>өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтады; жұмбақтардың жауабын табады; шешендік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылық танытады; сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады; интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолданады;</p>

	<p>өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге тырысады; өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге тырысады,</p> <p>әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдайды;</p>
<p>Көркем әдебиет 2 сағат</p>	<p>1) таныс сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға;</p> <p>2) жаңа ойын әрекеттеріне заттармен/ойыншықтармен таныс әрекеттерді жеткізуге;</p> <p>3) театрландырылған әрекеттің алуан түрлі тәсілдерін және жанларын (драмалық, музыкалық, қуыршақ, клоун және тағы басқа) меңгеруге үйрету.</p>
<p>Сауат ашу негіздері 3 сағат</p>	<p>дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету</p>
<p>Қазақ тілі 2 сағат</p>	<p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.</p>
<p>Математика негіздері 3 сағат</p>	<p>Кеңістікте бағдарлау.</p> <p>Кеңістік ұғымдарын бекіту: заттың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру 2 сағат</p>	<p>Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.</p> <p>Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан</p> <p>Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу</p>

<p>Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті 1 сағат</p> <p>Құрастыру</p> <p>Сурет салу</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>Жапсыру</p>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды мақсатты пайдалана білуді бекіту. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік, шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу.</p> <p>Сурет салу барысында қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізіледі.</p> <p>Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуге, композиция мазмұнын қосымша заттар мен элементтердің көмегімен мейлінше көркемдеп жеткізуге үйрету, біртекті заттардың бейнесін жасаудан, мазмұнға сәйкес әр қилы бейнелерді жасау білімдерін бекіту.</p> <p>үлгілер және трафареттермен, дайын киім үлгісімен жұмыс істеу; өзінің жұмысын композиция, перспектива ережелеріне сәйкес құру; қайшыны, желімді дұрыс қолдану;</p>
<p>Музыка 2 сағат</p>	<p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p>

Наурыз айы
«Дене шынықтыру»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	«Қазақ халқының ұлттық ойындары» (таза ауада)	2	1-4.03
2	«Ойын ойнап өсеміз»	2	6-11.03
3	«Аңшылар»	2	13-15.03
4	«Футбол ойнап шыныға түс»	1	18.03
5	Өрмелеп үйренеміз	1	20.03
6			

«Сөйлеуді дамыту»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Менің анам	1	5.03
2	Күшік пен мысық	1	7.03
3	Наурыз-көктем мерекесі	2	12-14.03
4	Қасқыр мен түлкі(Ертегі)	1	19.03

«Көркем әдебиет»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Көктем (Төлеген Айбергеновтің өлеңі)	1	1.03
2	Әже(Әбубәкір Қайранның өлеңі	1	5.03
3	Наурыз(Қастек Баянбайдың өлеңі)	1	12.03
4	Наурыzkөже (Серік Нұғыманның әңгімесі)	1	15.03
5	Көктемнің сәні (ертегі)	1	19.03

«Сауат ашу негіздері»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Дыбыстық талдау	1	4-6.03
2	Ойнай отырып оқимыз	1	7.03
3	Дыбыстық талдау	2	11-13.03
4	Біз нені үйрендік?	1	14.03
5	Біз нені білдік?	1	18.03
6	Дыбыстық талдау	1	20.03

Қазақ тілі»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Не? Кім? Қайда?	1	1.03
2	Жайлауда	1	7.03
3	Киіз үй	1	14.03
4	Әжемнің оюлары	1	15.03

**«Математика негіздері»
ұйымдастырылған іс-әрекеті**

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Не неге ұқсайды?	1	4-5.03
2	Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. Тең заттар	2	7-11.03
3	Геометриялық фигуралар және денелер	2	12-14.03
4	Геометриялық пішіндегі заттар	1	18.03
5			

**«Қоршаған ортамен таныстыру»
Ұйымдастырылған іс-әрекеті**

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Боран қай кезде соғады?	1	4.03
2	Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?	1	6.03
3	Қар тоқтату жұмысы	1	11.03
4	Үй жануарларының қандай пайдасы бар?	1	13.03
5	Әтеш қай кезде шақырады?	1	18.03
6	Асыранды үй жануарларын қалай күтіп-баптаймыз?	1	20.03

**«Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті»
(Құрастыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру)
Ұйымдастырылған іс-әрекеті**

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Дауылпаз	1	5.03
2	Әдемі орамал	1	12.03
3	Қайыңдағы құстың ұясы	1	19.03

«Музыка»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	«Наурыз – жыл басы»	2	1-6.03
2	«Қайырлы таң»	2	13-15.03
3	«Ғарыш әлеміне саяхат»	2	20.03
4			